

Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары туралы <*> ЕСКЕРТУ. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1506 қаулысымен. ~P991506

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 14 қыркүйек N 1390

Күтпеген жағдаяттар пайда болған ретте, Қазақстан Республикасының негізгі егін егетін аймақтарын тұқыммен қамтамасыз ету үшін қажетті тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "1999 жылдың егіс науқанын тұқымдық астықпен тауарлық несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 341 P990341_ қаулысына (бұдан әрі - N 341 қаулы) сәйкес "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамынан (бұдан әрі - Қоғам) тұқымдық астықты қарызға алған облыстардың әкімдері қарызға алынған астықты N 341 қаулыда белгіленген мерзімнен кешіктірмей қайтаруды қамтамасыз етсін.

2 . Қ о ғ а м ғ а :

1) облыс әкімдерінің астықты (N 341 қаулының негізінде қарызға алынған) тұқымдық астықпен немесе ақшамен қайтару жөнінде мүмкіндігі болмаған жағдайда, кейіннен оны "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Азық-түлік корпорациясы) келісілген элеваторларға орналастыру арқылы, олардан тауарлы астықты 70 (жетпіс) АҚШ долларына баламды баға бойынша қ а б ы л д а у ;

2) заңдарда белгіленген тәртіппен облыс әкімдерінен N 341 қаулыға сәйкес қарызға алынған тұқымдық астықты қайтару ретінде түскен тұқымдық астықты (оның ішінде тауарлы астықты да) Азық-түлік корпорациясына сенімді басқаруға беру ұсынылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда

белгіленген тәртіппен Қоғам мен Азық-түлік корпорациясының қатысуымен:

1) 2000 жылдың 1 қаңтарына дейін заттай нысанда 100 (жүз) мың тонна көлемде тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды қамтамасыз етсін;

2)

ЕСКЕРТУ. Кіріспедегі және 3-ші тармақтың 1) тармақшасындағы сөздер

ауыстырылды, 2) тармақшасы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің
1999.09.30. N 1506 қаулысымен.

P991506_

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.